

## Ашық хат

### Ұлы даланың «ұлы алаңға» айналуына жол бермейміз!

Атом электр станциясы (АЭС) құрылысы мен Семей ядролық сынақ полигоны (СЯСП) аумағына ядролық қалдықтар сақтауға қатысты суық хабарға бейжай қарау мүмкін емес.

Бұған қуанғандар да болуы мүмкін, бәрімізді шешкенімізбен оны аспанға лақтыруға жүрек дауаламайды.

Павлодар облысының Май ауданы - Шығыс Қазақстан, Қарағанды облыстарымен шекаралас елді мекен. Алғаш рет атом бомбасы жарылғаннан бері Семей ядролық сынақ полигонының зардабын көріп келеді. Атом, сутегі бомбаларының жүздеген жарылысын өз көзімен көріп, бар ауыртпалықты басынан өткерген жұрт енді ғана еңсесін тіктеді. Сталинның тапсырмасымен атом бомбасы сыналмай тұрып үйір-үйір жылқысы ой мен қырын еркін кезіп, ақ бөкені дала көркін келтірген, жері шұрайлы, топырағы құнарлы өңір болатын.

Антиядролық қозғалыс құрыларда атауын «Невада-Май-Семей» қозғалысы деп атау ұсынысы болғанымен, қозғалыс «Невада-Семей» аталып кетіпті деген сөз бар ел арасында. Сондықтан болар Май ауданы ядролық жарылыстар салдарынан зардап шегуші елді мекен ретінде көп айтылмайды.

40 жыл бойы ланылдаған от астында тұмыр кешін, азап көрген халыққа енді ғана ел қатарлы өмір сүруге мүмкіндік туды деген ой келген еді. Сары далаға киіктер де орала бастағанын көрген жұрт қуанысып қалды. Полигон зардабын жою бүгінгі ұрпақ міндеті болса да, аудан халқы, табиғаты әлі толық тексерістен өткізілмеді. Ауыз толтырып айтарлықтай көмек те көрсетілмеді, ел тілегін ескерген ешкім болмады.

1985 жылы Май ауданында 25 мың халық болса, 2015 жылғы есеп бойынша 10 мыңнан астам тұрғын бар. Көп адам көшіп кетті десек те, халық санының күрт азаюы тек тұрмыстың ауыртпалығынан емес, себебі төрт түлігін өсірген ел жұмыссыздық мәселесін көп көтермейді. Халықтың басым бөлігі 40-60 жас аралығындағы адамдар. Жастар аз.

Полигон мәселесі көмескіленіп, тек тарих беттерінде қалатындай күйде. Себебі адам өлімінің көбеюі мен денсаулығының нашарлауына басқа да себептер барын айна татрумен жүргендер халықтың мысын басып, Үкіметтен жеңілдік, көмек сұрауына қарсы әрекет жасауда. Мысалы, Павлодар облысының СЯСП-на шекаралас Баянауыл, Лебяжі аудандары мен Май ауданына ортақ, аталмыш аудан тұрғындарының денсаулығын оңалту мақсатында шипажай салу мәселесі сөз күйінде қалды.

Өмірге келген сәбилер ағзасы физиологиялық ауытқуларға ұшырап, мүгедек болып туылуда. Неге жақын туыстарымыз ауруы асқынып көз алдымызда қайтыс болуда? Себебі көп жағдайда қатерлі ісік сынды ауруларды ерте анықтау мүмкін емес, адам бойындағы радиация мөлшерін анықтайтын құрылғы ауруханаларда болмайды. Ол үшін Май ауданынан Семейге баруыңыз керек. Ауру екенінді анықтау үшін де әуре-сарсаңға түсесін. Жалақысы жоқ адамдар жолақыны қайдан тапсын?!

Жуырда аудан әкімі Б.Ысқақова аудан тұрғындары алдында есеп берді. Денсаулық сақтау саласына тоқталып: «Жана туған нәрестелер өлімі 10,2%-ға, қайтыс болған адамдар саны 109, өлім көрсеткіші 5,3% ұлғайды. Жалпы аудан



бойынша туберкулезбен ауыратын адамдар саны 2,4%, қатерлі ісік ауруларымен ауыратындар саны 5,9% ұлғайды. Қатерлі ісік ауруларынан қайтыс болған адамдар саны 26,7%, жүрек ауруларынан қайтыс болатын адамдар саны 28,0% пайызға ұлғайды» деп мәлімдеді. Бұл тек ресми ақпарат.

Көк жәшіктен Берия келіп атом бомбасын сынауға бұйрық берген қалашық Курчатовка Атом электр станциясы салынады деген сөзді естіп еңсеміз түсті. Ертенгі күнге үмітпен емес, күдікпен карап қалдық. Теледидардан сөйлеген ҚР Энергетика вице-министрі Бакытжан Жақсалиев: «адам денсаулығын қорғай отырып, табиғатқа зиянсыз атом энергиясын тиімді пайдалануға бағытталған» құрылыс жұмыстары 2025 жылға дейін аяқталатындығын айтты және «АЭС құрылысын жоспарлағанда міндетті түрде оның қалдығын қайда жібереміз деген сұрақ тұрады. АЭС кем дегенде 60 жыл пайдалануға болады. Кейін көзін жою керек. Ал, біз қалдықтарды Семейдегі сынақ полигонына көмуіміз мүмкін» деді.

40 жыл бойы ядролық қарулар сыналса, ендігі кезекте ядролық қалдықтар төгілер алаңға айналатын болды қазақ жері. Оның үстіне Май ауданына қарасты 706 мың гектар жерді Шығыс Қазақстан облысының әкімі сұрап отырғаны айтылып, «радиациялық ластанған жерлерді қайтеміз?» деген сауал көпшілік талқысына түсіп, тұрғындар бірауыздан «өмір бойы осында тіршілік етіп келеміз, енді осы жерде өз ұрпағымыз малын өсіріп, игілігіне пайдалансын» деген ойларын жеткізді.

Бұл қоғамдық тыңдаулардың түбінде «Жерді пайдаланбасандар, басқа өңірге береміз» деген ой жатқаны жасырын емес. «Мал өсіргіміз келеді, мал басын көбейтейік десек жер жоқ» деген бірнеше адам сөзіне басымдық берілетіні байқалады. Май ауданында полигон аумағынан бөлек ауылшаруашылығы мақсатында игерілмей жатқан мыңдаған гектар жер барын аудандық жер қатынастары бөлімі растай алады. Сондықтан жерді ауылшаруашылығына қайтарудың астарында басқа мақсаттар бары айқын.

«706 мың гектар жердің барлығы радиациялық ластануға ұшырамаған, оның екі жарылыс ошағынан басқасын ауылшаруашылығына пайдалануға беру керек» деген пікірде Ұлттық ядролық орталық мамандары. Жалпы, осы Ұлттық ядролық орталық ақпаратына сенуге бола ма?!

Семей ядролық сынақ полигоны аумағының 39 пайызы Май ауданының иелігінде. Осы жерлерді Шығыс Қазақстанға берсе Май ауданы радиациялық ластануға ұшыраған аймақтар санатынан алынып тасталуы ғажап емес. Зерттеу жұмыстарын жүргізіп отырған институт та Май ауданына салық төлемейтін болады.

Жерді ауылшаруашылығына пайдалану мен радиациялық қалдықтарды көму ісі бірі-біріне қайшы әрекеттер. Биліктегілердің бұл ісін қалай түсінуге болады?!

Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні, қазақтың қай жеріне болсын Атом электр станциясын салудың қажеті жоқ, оған тек табиғат жанашырлары ғана емес, полигон зардабын көріп отырған көпшілік қарсы. Кенес билігі Абай мен Шәкәрімнің туған жерін 40 жыл бойы сынақ алаңына айналдырды, ендігі кезекте Қазақ билігі «қоқыс алаңына» айналдырады дегенге сенгің келмейді.

«Жұмыс орны ашылады, электр қуатының тапшылығы болмайды» деп тұрмысы ауыр елді алдаудың қажеті шамалы. АЭС-ке қарапайым ауыл тұрғындарын жұмысқа алады деу ақылға сыймайды.



Чернобыль мен Фукусиманың апатқа ұшырауы Қазақстанда қайталанбасына ешкім кепілдік бере алмайды. Жапондар әлемде ғылыми техникасы дамыған ел болса да атом станциясының апатын болжай алмады.

АЭС Ертіс өзені жанына салынбақшы, бұл өзен Павлодардың Екібастұз қаласы бойымен Қарағанды облыстарын ауыз сумен қамтамасыз етіп отырған тіршіліктің күретамыры. Ертіс өзені Курчатов қаласының іргесінде, сондықтан АЭС құрылысы еліміздегі ең ірі өзенге де қауіп төндіретінін жокқа шығаруға болмас. Ғалымдар ауыр металдардың ыдырауы үшін мындаған, тіпті миллиондаған жылдар керектігін айтады, радиация топырақ, су арқылы адам ағзасына жететіні мәлім.

Қазақ жері - Атом электр станциясын салатын, ядролық қалдықтар төгетін «ұлы ақиға» айналуына жол бермеуге ниетіңіз. «Мал баққан, ешкімге соқтықпай жай жатқан» елдің шырқын бұзу кімге кәжет?!

Ұлы далада көсіле шабар құлагердің су ішер жер таппай, атом көлінің жағасында өлгенін елестетудің өзі қорқынышты. Жер мен елдің тыныштығы, алаңсыз өмір сүруі біз үшін бәрінен жоғары. Үкіметтің әр шешіміне қатысты өз пікірімізді жеткізу әрқайсымыздың парызымыз. Бұл топтың пікірі емес, көптің дауысы.

Май ауданы,  
Павлодар облысы.

Ахметов Әлихан

Арықбаев Әсет

Темірбергенов

Темірғалиев А.К. «Обязательный фонд»

«Қазақпар»

Серік Мұхтаров С. Мұқаш

Рахит Сәгерді

Т. Сағди

Бексен Қашиев

Бектұр

Сара Тәшенова Тәшенов С. Т.

Мекендірат Құрбанов Ш. Ш.

3 Көшербай Мұстафов Ш. Ш.

Күзін Жүзасова - Ш. Ш.

Аманжол

Аманжол

Мейралиев

Қызылбаев К. Ш.